



**Бастауыш сынып
оқушыларының
«Өзін-өзі тану» пәнінен
оқу бағдарламасы**

1-сынып: барлығы 34

I-тарау. Өзін-өзі тану бақыты

№	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың мазмұны	Сағат саны
1-2	Шаттыққа толы жүрекпен	«Өзін-өзі тану» пәні нені үйрететінін ұғыну «Өзін-өзі тану» пәнін оқып-үйренуге қызығушылық.	2
3-4	Арайлап атсын әр таңым	Әрбір атқан таңға, бейбіт күнге қуану, ризашылық білдіру, айналасындағы адамдардың бір-біріне қуаныш сыйлауы.	2
5-6	Бәрін білгім келеді	Білім, еңбек құндылықтары, оқушы, оқу, білім, туралы түсінік беру; ұстазбен өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту, оқушы мәртебесі, жақсы оқушы болуға тәрбиелеу.	2
7-8	Достық қымбат өмірде	Достары (балабақша, аула, ауыл, сынып), достық қарым-қатынастың өмірде алатын орны, достыққа негіз болатын адами қасиеттер туралы жалпы түсінік беру.	2

II-тарау. Адами қарым-қатынасқа үйренейік

9-10	Сәлем берем ізетпен	Үлкендермен амандасуға, бір-бірімен сәлемдесуге үйрену, бір-біріне ізет, сый-құрмет көрсете білу; әдептілік, сыпайылық, ізеттілік ұғымдарын түсіну, әдеп талаптарын орындай білу, ізетті, сыпайы, тәртіпті болуға үйрену.	2
11-12	Тіл табыса білейік	Бір-бірін түсіне білуге, тыңдауға үйрену, кешірімді болу, өзара сыйластық, өзара түсіністік пен татулықты бағалай білуге тәрбиелеу.	2
13-14	Көмектесе білейік	Айналасындағы адамдарға көмек көрсету, өзара көмек жасауға үйрену; өзіне жақын, ниеттес адамға сенім білдіру, өзара жауапкершілікті түсіну, қамқорлық жасай білу, бір-біріне адал болуға үйрену.	2
15-16	Сыйласаң – сыйлы боласың	Дос, жақын, туыс адамдармен өзара сыйластық, адамдарға ақ ниетпен құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.	2

III-тарау. Адам болам десеңіз...

17-18	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Жақсы мен жаманды ажырата білу, жақсыны бойға сіңіру, жаманнан аулақ болу; жақсылық жасауға үйрену, жақсылықты өнеге ету, жақсылықты риясыз жасауға үйрету.	2
19-20	Қамқор болып өсемін	Сүйіспеншілікті, қайырымдылықты, мейірімділікті сезіне білу, айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегі, адамдарды жақсы көру, қайырымды, мейірімді болу; қамқорлық сезімдерін дамыту, адамға, табиғатқа, жан-жануарларға қамқорлық жасай білуге баулу.	2
21-22	Шыншылдық – адамдықтың белгісі	Шындық пен өтірікті айыра білу, шындықты айта білу, өтірік айтпау, шыншыл, турашыл болуға үйрену.	2
23-24	Жауапкершілік пен жауапсыздық	Жауапкершілік ұғымының адамгершілік құндылығы ретіндегі маңыздылығын ашу; жауапкершілік туралы түсініктерін кеңейту, балалардың жауапкершілігін арттыру; өз сөзіне, ісіне жауапкершілікті сезіндіру.	
25-26	Адам болу арманым	Адам құндылығының маңызы; адамгершілік қасиеттер туралы білімдерін кеңейту; әр адамның ерекшелігін көрсететін табиғи дарыны, қабілеттері туралы түсінік беру; өзін-өзі танудың: өмір, қарым-қатынас, ата-ана, бауырмалдық және т.б. негізгі ұғымдарын меңгерту.	2

IV-тарау. Әсемдік әлемінде

27-28	Табиғатқа құштарлық	Табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін сезіне білу, табиғаттан үйлесімділік, жарасымдылық табу, әсемдікке, сұлулыққа талпыну; табиғатқа қамқорлық жасау, аяушылық, жанашырлық таныту, күтіп-баптау, өсіп-өнуіне көмектесуге баулу.
29-30	Денсаулық құпиялары	Денсаулықтың маңызын түсіну, денсаулық құпияларын білу, денсаулықты күту, бағалау, нығайтуға үйрену.
31-32	Отанымды сүйемін	Отанды сүю, құрметтеу, мақтан тұту, қызмет етуге үйрену. Туған өлкенің табиғаты, байлығын сақтауға, қамқор болуға баулу.
33-34	«Өзін-өзі тану» пәнінен үйренгенім	1-сыныпта «Өзін-өзі тану» пәнінен үйренгендерін жинақтап, қорыту

1-сынып оқушыларының білімін бағалау.

Оқушылардың «Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім сапасын бағалау 1-сынып бағдарламасында белгіленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар оқушылардың өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенуге талпыну және қоғамға қызмет ету дағдыларын жетілдірудегі танымдық әрекеттерін дамытуды саралауға (мониторингіне) қызмет етеді. Адамгершілік-рухани білім беру ерекшеліктеріне сай сандық емес, сапалық бағалау маңызды, сондықтан әр жартыжылдық қорытындыда «сынақ» деген баға қойылады.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Оқушылар 1-сыныптың соңында:

- 1) адамгершілік құндылықтар мен өзін-өзі тану, білім, елжандылық, еңбек, отбасы, қамқорлық, сыйластық, достық, ұжым, бақыт, сүйіспеншілік сияқты жаңа ұғымдар, құндылықтар туралы алғашқы түсініктерді біледі;
- 2) балалар өзінің жаңа әлеуметтік тұрғыдағы оқушы рөлін түсінеді, сыныптастарымен, ұстаздарымен, мектеппен танысады, жалпы ұжымда еңбек етуді үйренеді;
- 3) қарым-қатынас, тіл табысу, ынтымақтастық, Отан, денсаулық, әдептілік, өзара түсіністік, сыйластық құндылықтарын меңгереді;
- 4) мейірімділік, қайырымдылық, жауапкершілік, адалдық, жақсылық жасауға ұмтылушылық, шыншылдық сияқты адами қасиеттердің мәнін түсінеді;
- 5) табиғатқа қамқорлық, денсаулықты сақтау, жасампаздық жарасымы туралы түсініктері қалыптасады;
- 6) денсаулық сақтаудың маңыздылығын түсінеді, салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі және қолдана алады;
- 7) өз ойын, сезімін, алған әсерін шығармашылық әрекеттер арқылы жеткізе алады;
- 8) Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдері арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастық құндылықтары туралы түсініктерді біледі;
- 9) шынайы достық және қарым-қатынас қуанышының мәнін сезінеді, құрбыластары мен үлкендер арасындағы достық пен сыйластықты бағалай біледі;
- 10) оқушы құқығы мен міндеттерін біледі және оларды қолдана алады.

2-сынып барлығы 34 сағат

№	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың мазмұны	Сағат саны
I тарау. Өзін-өзі тану бақыты			
1-2	Біз осындай баламыз	1-сыныпта өзін-өзі тану сабақтарынан үйренгендерін еске түсіру. Өзін және айналасын тануға қызығушылық. Оқуға, білім алуға деген құштарлық.	2
3-4	Көңіл күйімізді басқара білейік	Жағымды қарым-қатынас туралы түсінік. Ұстамдылық іскерліктерін дамыту. Әр түрлі жағдайларда өзін ұстай білуге тәрбиелеу.	2
5-6	Оқуға құштарлық	Білім, махаббат адамгершілік құндылықтары; оқу-білімнің адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру; оқуға, білім алуға деген ынталарын дамыту; кітапты қадірлеуге, еңбекті сүйуге тәрбиелеу.	2
7-8	Менің ұстаздарым	Білім, сыйластық адамгершілік құндылықтары туралы түсініктер. Ата-ананың, үлкендердің, кітаптың өмірдегі «ұстаздары» екендігін түсіндіру; мұғалім еңбегі туралы түсінік, оқушының мұғалімге деген сүйіспеншілігі; ұстаздарды бағалау, сыйлау.	2

II-тарау. Адами қарым-қатынасқа үйренейік

9-10	Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет	Құрмет, ізет, сыйластық туралы түсінік беру. Қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту. Үлкендер мен кішілер арасындағы сыйластықты түсіндіру.	2
11-12	Кешірімді бала – кішіпейіл бала	Кешірім ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Кішіпейілділік, кешірімділікке бейім қабілеттерін дамыту.	2
13-14	Келісім түбі – жарастық	Келісім, жарастық туралы түсінік беру. Достаса білу, қасиеттерін дамыту. Өзара татулыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	2
15-16	Күш бірлікте	Бірлік туралы түсінік беру, көпшіл болу іскерліктерін дамыту. Бір-біріне көмектесуге, бірлесіп еңбек етуге тәрбиелеу. Өзара түсінісе білу іскерліктерін дамыту, өзара сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу.	2

III-тарау. Адам болам десеніз...

17-18	Текті білу тегін емес	Ата-тек, жеті атаны білу арқылы өзіңді тану. Атадан өнеге-үлгі, тәлім-тәрбие алу. Ата-текті құрметтеу, қастерлеу. Ұрпақ жалғастығы.	2
19-20	Обал мен сауап	Мейірімділік, адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Обал мен сауап туралы түсінік беру. Халықтың дәстүрлі игі әдеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Мейірімділікке, үнемдей білуге тәрбиелеу.	2
21-22	Еңбек бәрін жеңбек	Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік. Еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту. Алдына қойған мақсат жолында қажыр-қайрат, жігерлілік, өзіне-өзі талап қоя білуге үйрету.	2
23-24	Жүрек жылуы	Мейірімділік, қайырымдылық туралы түсінік. Өзгелерге қамқорлық жасау, ата-анасына, бауырларына деген сүйіспеншілік.	2

IV-тарау. Әсемдік әлемінде

25-26	Халық даналығы	Даналық ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Жұмбақ, мақал-мәтел, ертегі халық даналығы екендігін түсіндіру. Халық даналығына сүйіспеншілігін арттыру, оны құрметтеп, сақтауға, бағалауға тәрбиелеу.	2
27	Халқым менің қонақжай	Туған халқының дәстүрін танып-білуге қызығушылық, қонақжайлылық дәстүрі, қонақты күтіп-сыйлау, бата алу. Отбасылық дәстүрлерді қастерлеу, жалғастыру.	1
28	Табиғат – әсемдік әлемі	Табиғат, сұлулық тәрізді адамгершілік құндылықтар туралы түсінік. Табиғат сұлулығы туралы түсінік беру; табиғат әсемдігіне қызығушылықтарын арттыру; табиғатты сүйуге тәрбиелеу.	1
29	Табиғат – денсаулық мекені	Табиғат, денсаулық адамгершілік құндылықтары туралы түсінік. Табиғаттың денсаулыққа әсері туралы түсінік беру; денсаулығын нығайтуға ұмтылысын арттыру; денсаулығын бағалауға тәрбиелеу.	1

30	Табиғатпен біргеміз	Адам мен табиғат үйлесімділігі туралы түсінік беру. Табиғатқа аялы қарым-қатынастарын дамыту.	1
31	Атамекен табиғаты анамдайсың	Атамекен табиғаты туралы түсінік беру. Табиғатқа қамқорлық жасау, іскерліктерін дамыту. Атамекенін қадірлей білуге тәрбиелеу.	1
32	Қазақстан – менің елім	Отан, махаббат адамгершілік құндылықтары туралы түсініктер. Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың Отаны Қазақстан екендігін түсіндіру. Отанға сүйіспеншілігін арттыру; Отанын сүюге тәрбиелеу.	1
33-34	Үйренгенім көп менің	2-сыныпта «Өзін-өзі тану» пәнінен алған білімдерін жинақтау, жағымды қарым-қатынастарын дамыту.	2

2-сынып оқушыларының білімін бағалау.

Оқушылардың «Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім сапасын бағалау 2-сынып бағдарламасында белгіленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар оқушылардың өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенуге талпыну және қоғамға қызмет ету дағдыларын жетілдірудегі танымдық әрекеттерін дамытуды саралауға (мониторингіне) қызмет етеді. Адамгершілік-рухани білім беру ерекшеліктеріне сай сандық емес, сапалық бағалау маңызды, сондықтан әр жартыжылдық қорытындыда «сынақ» деген баға қойылады.

ОҚУШЫЛАР 2-СЫНЫПТЫҢ СОҢЫНДА:

- 1) бұрын меңгерген адамгершілік құндылықтар мен білім, ой, сөз, іс, татулық, махаббат, шындық, ар, ұят, обал, сауап сияқты жаңа ұғымдар туралы кеңейтілген түсініктерді біледі;
- 2) оқуға құштарлыққа талпынуды, ұстаздарын сыйлауды, халық даналығын бағалауды, отбасылық дәстүрлерді сақтауды, туған өлкені аялауды, ана тілін құрметтеуді үйренеді;
- 3) адамның өзіне және өзгелерге деген махаббат, мейірімділік, сенім, шыншылдық, адалдық, әділдік, батылдық, құрмет сияқты жағымды қасиеттері, сондай-ақ жағымсыз қасиеттер мен эмоциялардың көрінісі туралы түсініктері болады;
- 4) қарама-қарсы жыныс өкілдерімен достық қарым-қатынас жасай алады;
- 5) адам мен табиғаттың бірлігі, табиғаттың адам дамуына жағымды әсері туралы бастапқы түсініктері болады, қоршаған ортаға саналы түрде ұқыптылықпен қарым-қатынас жасайды;
- 6) адамдармен қарым-қатынаста достаса білуді, өзара келісімге келуді, түсінісуді, тіл табысуды, кешірімді, кішіпейіл, көпшіл бола білуді, көңіл күйін басқара алуды біледі;
- 7) денсаулығын күтуді және сақтауды біледі;
- 8) өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне алады, мектепте, үйде, қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін қолдана алады.

3-сынып (барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағат.).

№	Сабақ тақырыбы	Сабақтың мазмұны	Сағат саны
	I-тарау. Өзін-өзі тану бақыты		
1	Өзін-өзі тану белестері	Рухани-адамгершілік құнды-лықтар негізінде 2-сыныпта өзін-өзі тану сабақтарынан алған білім-біліктерді жинақтап қорытындылау. 3-сыныпта меңгеретін құндылықтар мен адамгершілік қасиеттер туралы жалпы түсінік. Өзін, өзгелерді, адамгершілік құндылықтарды танып білуге қызығушылығын ояту.	1
2	Өмірді танып білуге құштарлық	Өмір ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәні. Өмірді тану, өмірді танып білуге қызығушылықтар.	1
3	Білім - ақиқат бастауы	Білім құндылығы туралы түсінік. Білімнің адам өміріндегі маңыздылығы; білімге, оқуға қызығушылық.	1
4	Менің сүйікті ісім	Еңбек құндылығы мен еңбексүйгіштік адами қасиеттері туралы түсінік. Сүйікті іс туралы түсінік; еңбек ету іскерліктері.	1

5	Қиял арманға жетелейді	Жақсы ниетпен армандай білуге баулу. Қиял, арман туралы түсінік.	1
6	Бабалар сөзі – даналық көзі	Даналық құндылығы туралы түсінік. Даналық, ақылдылық туралы ұғымдар; ойлау іскерліктері; ата-баба даналығы.	1
7	Бірлігі жарасқан халықпыз	Достық, бірлік, халық құндылықтары туралы түсінік. Халықтар достығы, жарастығы, бірлігі туралы түсініктері; өзара сыйластық қарым-қатынастары.	1
8	Отан сүйген ұланбыз	Отан, махаббат құндылықтары туралы түсінік. Отанға деген махаббат, сүйіспеншілік сезімдері; Отанын сүю, мақтан тұту, құрметтеу.	1

	II-тарау. Адами қарым-қатынасқа үйренейік		
9	Ризашылық пен алғыс	Сыйластық құндылығы туралы түсінік. Ризашылық пен алғыс туралы түсінік; үлкен-кішіге деген сүйіспеншілік, сыпайылық қарым-қатынасы.	1
10	Өзінді де, өзгені де аяла	Махаббат, сыйластық құндылықтары туралы түсінік. Өзінді, өзгені аялаудың адам өміріндегі маңыздылығы; өзіне, өзгелерге аялы, сыйлы қарым-қатынастар.	1
11	Шаңырақ жарастығы	Сыйластық, махаббат құндылықтары туралы түсінік. Шаңырақ жарастығы, сыйластығы туралы түсінік.	1
12	Сіз деген – әдеп, біз деген – көмек	Сыйластық, қамқорлық құндылықтары туралы түсінік. Өзара сыйластық қарым-қатынасының адам өміріндегі мәні.	1
13	Ойнай білу де – өнер	Сыйластық, достық құндылықтары туралы түсінік. Шыдамдылық, сабырлылық, ақылдылық адами қасиеттердің өмірдегі маңыздылығы.	1
14	Ұл бала мен қыз бала	Сыйластық, достық құндылықтары туралы түсінік. Ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық туралы түсінік.	1
15-16	Дос болайық, бәріміз	Достық құндылығы туралы түсінік. Татулық пен достықтың адам өміріндегі маңыздылығы; өзара көмек, жолдастық, сыйластық қарым-қатынастары.	2

III-тарау. Адам болам десеңіз...			
17	Жылы жүрек – жақсы тілек	Мейірімділік, қайырымдылық құндылықтары туралы түсінік. Жақсы тілек, ізеттілік, ізгілік туралы түсініктер, қайырымды қарым-қатынас жасау іскерліктері.	1
18-19	Ұқыпты бала- әдепті бала	Әдептілік, сыпайылық адами қасиеттер туралы түсініктер. Ұқыптылық, жинақылық туралы түсінік;	2
20-21	Өнерлі бала сүйкімді	Өнер ұғымының құндылық ретіндегі мәнін ашу. Өнердің адам өміріндегі маңыздылығы.	2
22	Ақыл - жастан, асыл - тастан	Даналық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту; ақыл, ақылдылықтың адам өміріндегі маңыздылығы, ақылын өмірде қолдана білу іскерліктерін дамыту, ақылды болу, ақылға жүгініп, дұрыс шешім қабылдай алуға баулу.	1
23	Еңбектің наны тәтті	Еңбек құндылығы туралы түсінік. Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығы.	1
24	Мақтану – мақтаншақтық емес	Кішіпейілділік, қарапайымдылық сияқты адами қасиеттер туралы түсінік. Мақтану, мақтау, мақтаншақ болмау туралы қасиеттер; жағымды, жағымсыз қылықтарды ажырата білу іскерліктері.	1
25	Мейірімділік – асыл қасиет	Мейірімділік, қайырымдылық құндылықтары туралы түсініктер. Мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығы; өзара сыйластық қарым-қатынастары.	1
26	Жаным толған жақсылық	Жақсылық, махаббат құндылықтары туралы түсініктер. Жақсылық пен махаббаттың адам өміріндегі маңыздылығы; жақсылық жасай білу іскерліктері.	1

IV-тарау. Әсемдік әлемінде			
27-28	Туған жер ғажаптары	Отан, туған жер құндылықтары туралы түсініктер. Туған ел, туған жердің адам өміріндегі маңыздылығы; туған жерге қамқорлық жасай білу іскерліктері.	2
29-30	Табиғат сыйы	Табиғат құндылығы туралы түсінік. Табиғат пен адам үйлесімділігі.	2
31	Жаны саудың - тәні сау	Табиғат, қамқорлық құндылықтары туралы түсініктер. Табиғат пен адам үйлесімділігі, оның адам өміріндегі маңыздылығы; табиғатқа қамқор бола білу іскерліктері.	1
32	Денсаулық – зор байлық	Денсаулық құндылығы туралы түсінік. Денсаулық пен жан саулығының адам өміріндегі маңызы; денсаулығын сақтай білу іскерліктері.	1
33-34	Өзін-өзі танудан үйренгенім	Рухани-адамгершілік құндылықтар, адами қасиеттер туралы түсініктер. «Өзін-өзі тану» пәнінен 3-сынып бойынша алған білімдерін жинақтау.	2

3-сынып оқушыларының білімін бағалау.

Оқушылардың «Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім сапасын бағалау 3-сынып бағдарламасында белгіленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар оқушылардың өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенуге талпыну және қоғамға қызмет ету дағдыларын жетілдірудегі танымдық әрекеттерін дамытуды саралауға (мониторингіне) қызмет етеді. Адамгершілік-рухани білім беру ерекшеліктеріне сай сандық емес, сапалық бағалау маңызды, сондықтан әр жартыжылдық қорытындыда «сынақ» деген баға қойылады.

Оқушылар 3-сыныптың

соңында:

- 1) бұрын меңгерген адамгершілік құндылықтар туралы кеңейтілген түсініктерді және өзін-өзі тануға құштарлық, білім, іс, қиял, сөз, бірлік, Отан, ризашылық пен алғыс, өнер, ақыл, еңбек, мақтаныш, мейірімділік, жақсылық, адамгершілік, адамшылық сияқты жаңа ұғымдар туралы терең түсініктер алады;
- 2) адами сезімдер мен эмоцияларды, өзінің эмоциялық күйін ажырата біледі;
- 3) мораль, этика мәселелерін талқылау барысында өзінің пікірін білдіріп, өз сөзіне және ісіне жауапкершілік таныта алады;
- 4) адамның жағымды және жағымсыз сезімдері мен әрекеттерін ажыратып, олардың себеп-салдарын талдай алады;
- 5) шаңырақ сыйластығы, ұл бала мен қыз бала достастығын біледі;
- 6) денені шынықтыру қажеттігін түсінеді, денсаулықты сақтауды қамтамасыз ететін сауықтыру әдістемесі мен қауіпсіздік шараларын іс жүзінде қолдана алады;
- 7) топта, сыныпта, отбасында өзіне және өзге адамдарға көңіл бөліп сыйлайды, сондай-ақ бейтаныс адамдармен өзара жағымды, достық қарым-қатынас жасай алады;
- 8) өз туыстары мен жақындарының еңбегі мен кәсібіне ықылас танытып, құрмет көрсете алады;
- 9) табиғаттың өмір сүрудің негізі ретіндегі маңызын түсінеді;
- 10) қоршаған ортаға қамқорлық танытып, табиғи көздердің тазалығын сақтай біледі;
- 11) оқу кітаптарын саналы түрде таңдай біледі, өз мінез-құлқын әдеби кейіпкерлердің әрекеттері арқылы бағалай алады.

4-сынып (барлығы 34 сағат, аптасына 1

№	Сабақ тақырыбы	Сабақтың мазмұны	Сағат саны
I-тарау. Өзін-өзі тану бақыты			
1	Өзін-өзі тану – өмірді тану	«Өзін-өзі тану», «өмір» құндылықтары туралы түсініктер. 4 сыныпқа арналған өзін-өзі тану пәнінің мазмұны; адамгершілік құндылықтарын білуге, өзін және өмірді тануға қызығушылық.	1
2	Білімге құштарлық	Білім құндылығы туралы түсінік. Білім, даналық ұғымдары туралы мағлұмат; Білімге, оқуға қызығушылық.	1
3	Ойлы бала озар	Ой ұғымының құндылық ретіндегі мәні. Терең ойдың, ойлаудың адам өміріндегі маңыздылығы; ойлай білу іскерліктері.	1
4	Менің сыныбым – менің ұжымым	Ұжым, достық құндылықтары туралы түсінік. Ұжымның адам өміріндегі маңыздылығы; өзара татулық, сыйластық қарым-қатынастары.	1
5	Менің арманым	Жақсы ниетпен армандай білу және оған қол жеткізуге ұмтылу. Арман ұғымы туралы түсінік.	1
6	Ата-баба өнері	Өнер құндылығы туралы түсінік. Ата-баба өнері, соның ішінде ою-өрнектің адам өміріндегі маңыздылығы;	1
7	Тілім менің тірегім	Тіл, Отан құндылықтары туралы түсінік. Ана тілінің адам өміріндегі маңыздылығы.	1
8	Мен елімнің азаматымын	Оқу, Отан, ел, махаббат құндылықтары туралы түсінік. Туған ел, өскен ортаның адам өміріндегі маңыздылығы.	1

II-тарау. Адами қарым-қатынасқа үйренейік

9	Жақсы сөз – жанға қуат	Сөз, бақыт құндылығы туралы түсінік. Жақсы сөздің адам өміріндегі маңыздылығы; жақсы сөздерді қолдана білу іскерліктері.	1
10	Адал достық	Достық құндылығы туралы түсінік. Адал достықтың мәні; өзара сыйластық қарым-қатынастары.	1
11	Ашу – дұшпан, ақыл – дос	Ұстамдылық, сабырлылық адами қасиеттер туралы түсінік. Ұстамдылық, сабырлылық, ақылдылықтың мәні; өзара жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктері.	1
12	Қуаныш – жан шуағы	Бақыт, сыйластық, махаббат құндылықтары туралы түсінік. Қуаныш сезімінің адам өміріндегі мәні; өзара жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктері.	1
13	Кешірім мен келісім	Достық құндылығы және татулық, кешірімділік адами қасиеттері туралы түсінік. Кешірімділік, татулық, бірліктің адами қарым-қатынастағы маңыздылығы; шынайы достық қарым-қатынастар жасау іскерліктері.	1
14	Ортақ іс табысы	Еңбек, сыйластық, ынтымақ құндылықтары туралы түсінік. Ынтымақ, бірліктің адам өміріндегі маңызы; бірлесіп жұмыс істей білу іскерліктері.	1
15	Құрметтей білейік	Құрмет, сыйластық құндылықтары туралы түсінік. Құрмет, сыйластық әдептерінің адами қарым-қатынастағы маңыздылығы; ізетті қарам-қатынас жасау іскерліктері.	1
16	Жақсылық жасай білейік	Қайырымдылық, қамқорлық, жақсылық құндылықтары туралы түсінік. Жақсылық жасаудың адами қарым-қатынастағы мәнділігі; жақсы істер жасай білу іскерліктері.	1

III-тарау. Адам болам десеңіз...

17-18	Талаптыға нұр жауар	Білім, өнер құндылықтары туралы түсінік. Талаптанудың адам өміріндегі маңыздылығы.	2
19	Ақылды тыңдай білу де өнеге	Сыйластық құндылығы туралы түсінік. Ақылды тыңдай білудің өмірдегі маңыздылығы.	1
20	Өзімшілдік пен көпшілдік	Бірлік құндылығы және көпшілдік адами қасиет туралы түсінік. Көпшілдік, өзімшілдік ұғымдары туралы түсінік; өзара сыйластық қарым-қатынастары.	1
21	Батылдық пен өжеттік	Халық, Отан, махаббат құндылықтары туралы түсінік. Батылдық, өжеттік ұғымдары туралы түсінік; шешім қабылдай білу іскерліктері.	1
22	Еңбекқорлық пен еріншектік	Еңбек құндылығы туралы түсінік. Еңбекқорлық пен еріншектік туралы түсінік.	1
23-24	Төзім мен табандылық	Төзімділік, табандылық тәрізді адами қасиеттер туралы түсінік. Төзімділік пен табандылықтың адам өміріндегі маңыздылығы.	2
25	Сабыр түбі – сары алтын	Сабырлылық, ұстамдылық тәрізді адами қасиеттер туралы түсінік. Сабырлы, ұстамды болудың маңыздылығы; жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктері.	1
26	Жақсылықтан жақсылыққа	Жақсылық құндылығы туралы ұғымдар. Жақсылық жасаудың адам өміріндегі маңыздылығы; жақсылық жасау іскерліктері.	1

IV- тарау. Әсемдік әлемінде

27-28	Табиғатқа қамқорлық	Табиғат құндылығы және қамқорлық адами қасиеті туралы түсінік. Табиғаттың адам өміріндегі маңыздылығы; табиғатқа қамқорлық жасау түсінігі.	2
29	Жер-Ана	Жер ұғымының құндылық ретіндегі мәні. Жердің адам өміріндегі маңыздылығы; жерге қамқорлық жасау қарым-қатынастары.	1
30	Су – өмір көзі	Су ұғымының құндылық ретіндегі мәні. Судың адам өміріндегі маңыздылығы; суға қамқорлық жасау іскерліктері.	1
31-32	Таза болса табиғат, аман болар адамзат!	Табиғат, денсаулық құндылықтары және табиғатқа қамқорлық адами қасиеттері туралы түсінік. Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсінік; денсаулығын күту іскерліктері.	2
33	Денсаулық өмір негізі	Денсаулық құндылығы туралы түсінік. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығы; денсаулығын күту іскерліктері.	1
34	Үйренгенім көп менің	Адамгершілік құндылықтар, адами қасиеттер туралы түсінік. «Өзін-өзі тану» пәнінен 4-сынып бойынша алған білімдерін жинақтау.	1

4-сынып оқушыларының білімін бағалау

Оқушылардың «Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім сапасын бағалау 4-сынып бағдарламасында белгіленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар оқушылардың өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенуге талпыну және қоғамға қызмет ету дағдыларын жетілдірудегі танымдық әрекеттерін дамытуды саралауға (мониторингіне) қызмет етеді. Адамгершілік-рухани білім беру ерекшеліктеріне сай сандық емес, сапалық бағалау маңызды, сондықтан әр жартыжылдық қорытындыда «сынақ» деген баға қойылады.

Оқушылар 4-сыныптың

соңында:

- 1) адамгершілік құндылықтар мен өмірді тану, білімге күштарлық, ойлылық, ұжымшылдық, арман, ата-бала өнері, тіл, туған ел, жақсы сөз, адал достық, қуаныш, ашу мен ақыл, кешірім мен келісім, ортақ іс, құрмет, жақсылық жасау, талаптану, тыңдай білу, өзімшілдік пен көпшілдік, батылдық пен өжеттік, еңбекқорлық пен еріншектік, төзім мен табандылық, сабырлылық сияқты жаңа ұғымдар туралы терең түсініктер алады;
- 2) өзінің сезімдері мен талпыныстарын көрсете алады, жағымсыз эмоциялары мен әрекеттерін тежей алады;
- 3) өз ойы мен алған әсерлерін шығармашылық әрекеттер арқылы жеткізе алады;
- 4) этика ережелерін біледі және іс жүзінде қолдана алады;
- 5) табиғатқа, жер-анаға, суға қамқорлық жасай алады;
- 6) денсаулықты сақтау және нығайтуды біледі;
- 7) адам мен табиғаттың үйлесімділігі, табиғаттың адам дамуына жағымды әсерін сезіне алады, табиғатқа қамқорлық жасайды;
- 8) өзін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде сезінеді, ел, қала, ауыл, мектеп өміріне өзінің қатысты екенін біледі, қоғамға қызмет етудің мәнін түсінеді.

